



«Сабаққа арналған ең үздік презентация» педагогтарға арналған байқауды ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

«Үздік сабақ презентациясы» байқауының ұйымдастырушысы – Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі (әрі қарай – Колледж).

II. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

Сабақтарды дайындау және өткізу барысында шығармашылық тәсілді қолдау және дамыту. Білім беру процесінде қазіргі заманғы технологияларды пайдалануды насихаттау. Педагогикалық шеберлік пен кәсіби құзыреттілікті арттыру.

Байқаудың міндеттері:

1. Педагогтардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
2. Олардың кәсіби деңгейі мен педагогикалық шеберлігін арттыру;
3. Байқау қатысушыларының ИК-құзыреттілігін арттыру;
4. Колледжде инновациялық педагогикалық білім беру кеңістігін қалыптастыру.

III. Байқауға қатысушылар:

Байқауға оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері қатыса алады

IV. Конкурс тақырыбы

Байқаудың тақырыбы - оқушылардың түсінуіне қолжетімді, материалдың көрнекілігін, интерактивтілігін қамтамасыз ететін әдістемелік материалдармен сабақ немесе сыныптан тыс іс-шараның презентациясын әзірлеу.

V. Қойылатын талаптар:

- 5.1. Өткізу форматы: қатысушылардың ұсынған құжаттары негізінде қашықтықтан.
- 5.2. Байқауға қатысушылар өз жұмыстарын қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынады.

5.3 Байқауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен байқау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылады және бекітіледі.

5.3 Байқау комиссиясы:

1. Байқауды дайындау мен өткізу бойынша тікелей басшылықты жүзеге асырады, байқауды өткізу мерзімдерін ұсынады;
 2. Байқау қазылар алқасын бекітеді, қорытынды шығарып, жеңімпаздарды марапаттайды;
 3. Байқаудың техникалық қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді, байқау өтетін орынды анықтайды, байқау материалдарын жинайды;
 4. Байқаудың ақпараттық қамтылуын қамтамасыз етеді.
- 5.4 Жеңімпаздарды анықтау үшін байқау қазылар алқасы құрылады:
1. Қазылар алқасының құрамы мен төрағасы байқау комиссиясымен анықталады;
 2. Қазылар алқасы критерийлерге сәйкес ең жоғары ұпай саны бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды;
 3. Жеңімпаздарды анықтау қазылар алқасының жабық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

VI. Байқауды өткізу мерзімдері мен тәртібі

6.1 Байқауды өткізу үшін келесі мерзімдер белгіленеді:

- өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 15 ақпаннан 2025 жылғы 3 наурызға дейін,
- материалдарды комиссияға ұсыну 2025 жылғы 10 наурыздан 2025 жылғы 30 сәуірге дейін,
- материалдарды комиссияның бағалауы, қатысушылардың рейтингін анықтау 2025 жылғы 5 мамырдан 2025 жылғы 13 мамырға дейін,
- қорытынды шығару, нәтижелерді жариялау – **2025 жылғы 15 мамыр.**

6.2 Байқауға қатысушы жұмыстарды бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

1. Мазмұны:

1. Түсіндірудің анықтылығы;
2. Сабақ тақырыбының пән бойынша оқу жұмыс бағдарламасымен сәйкестігі;
3. Презентация әдістері мен құралдарын тандаудың негізділігі.

2. Құрастыру:

1. Презентация визуалды тартымды болуы және дизайн стандарттарына сәйкес келуі тиіс;
2. Шрифттерді, түстерді және суреттерді пайдалану үйлесімді болып, мазмұннан алаңдатпау керек.

3. Интерактивтілік және инновация:

1. Қазіргі білім беру технологиялары мен мультимедиялық құралдарды, жасанды интеллект платформаларын пайдалану;
2. Аудиториямен өзара әрекеттесу (мысалы, оқушыларды викториналар немесе сұрақтар арқылы сабаққа қатыстыру мүмкіндігі).

4. Ұйымдастыру және құрылым:

1. Слайдтардың логикалық тізбегі;

- 2.Презентацияның анық және түсінікті болуы.
- 5.Практикалық құндылық:

- 1.Презентация оқу процесінде нақты қолдануға бейімделген болуы тиіс;
- 2.Сабақтарда қолдану мүмкіндігі.

VII. Байқау материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптар

7.1 Презентация танымал форматтардың бірінде орындалуы тиіс (PowerPoint, Google Slides, Keynote, Tilda, Prezi, Canva, Slides, Haiku Deck, FlowVella, Readymag, Slidebean, Beautiful.AI, Ludus, Visme, Emaze, Piktochart, Office Sway, SlideMagic, Genially, PopBoardz, Seidat, SlideDog, Fokusky, Paste, Draftsend, Proclaim, Impress by LibreOffice, WebSlides, Zoho Show).

Презентация мәтіндік, графикалық және мультимедиялық ақпаратты қамтуы және тақырыпқа сәйкес болуы қажет.

Презентация ақпаратты, логикалық құрылымдалған және эстетикалық түрде безендірілген болуы тиіс.

Материалды жақсы қабылдауға ықпал ететін интерактивтілік пен мультимедиялық элементтерді (графика, бейне, анимация) қолдану қажет.

Презентацияның көлемі – 15-20 слайд.

7.2 Қосымша файлдар мәтіні келесі параметрлерді сақтай отырып безендіріледі:

1.Әдістемелік материалдар келесі түрде безендіріледі: парақтың бағыты – кітапша, шеттері: сол жағынан – 3 см, оң жағынан – 1,5 см, төменнен – 1,5 см, жоғарынан – 3 см; тақырып шрифтінің өлшемі – Times New Roman, 14 пт; мәтін шрифтінің өлшемі – Times New Roman, 12 пт;

2.Презентацияның атауы «Қатысушының Т.А.Ә. Модуль атауы, Тақырыбы» форматында жазылады.

Әдістемелік кеңес отырысында
қаралып, мақұлданды
«10» ақпан 2025 жыл
Хаттама № 5

Қосымша1

ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ

Педагогтың Т.А.Ә. Байланыс телефоны	Студенттер оқитын мамандық	Презентация жасалған пән немесе модуль атауы	Презентацияның тақырыбы